

### Республикалық дебат – жан – жақты даму кепілі

2015 жылдың 14-15 наурызында Қарағанды қаласының академик Е.А.Букетов атындағы мемлекеттік университетінде ректордың кубогына арналған республикалық деңгейде дебат сайысы өтті.

Пікірталас сайысының мақсаты – жастар арасында дебаттың танымдылығын таныту. Адамның құқығы бойынша өзекті мәселелерді тиімді жолдармен талқылау негізінде жастардың азаматтық позиция белсенділігін дамыту болып табылған еді.

Аталмыш турнирде оқу орнымыздың намысын «Тәртіб және заң» дебат клубының тарландары, яғни 1-2 курс тыңдаушылары қорғады. Сайыста үш команда бақ сынаса, қалған тыңдаушылар төрешілік жасап, ойынның тартысты да әділ өтуіне өз үлестерін қосты. Пікірсайыста қазақ лигасынан "Тәртіб және заң"(Қабай Манар, Қуандық Байболат) командасы, ал тиісінше орыс лигасынан "Свобода слова" (Миронченка Александра, Нашенова Мадина), "Две звезды" (Картаев Асхат, Ибраев Ануар) өз ойындарын көрсетті.

Бұл турнир академиямыздың дебат сүйер қауымының алғаш рет республикалық деңгейде пікірсайысқа түсуі екендігін атап кеткен жөн. Сөйтседе, еңбегіміз өз жемісін бермей қоймады. Тыңдаушылар ойында көрсеткен белсенділіктері үшін алғыс хаттармен марапатталды. Ал "Тәртіб және заң"(Қабай Манар, Қуандық Байболат) командасы ойынға төрелік жасаған төрешілердің тарапынан оң бағаға ие болып, "Прорыв года" номинациясын иеленді. Алғашқы ойындағы осындай нәтиже біздер үшін, әрине, жеңіс.

Турнирге қатысқан еліміздің беделді ЖОО студенттері, біліктілік деңгейімізді ұштап, мол тәжірибе жинақтауға септігін тигізді. Бұл біздің ойында қарсылас болғанымызбен, өмірде дос екендігіміздің бірден-бір дәлелі.

Жалпы осы қадам академиямызда дебат сайысының дамуы мен гүлденуінің негізі дегім келіп отыр. Себебі, болашақта республикалық турнирлерден алған тәжірибемізді ұштастыра отыра, өз оқу орнымызда да осындай сайыстарды өткізетін боламыз. Әйтседе заң қызметкерлерінің жан-жақты болуы, түрлі салада білімдерінің озбырлығы заман талабы. Ал дебат соның бастамасы. Себебі дәл осы сайыстың негізгі міндеттеріне жастардың құқықтық мәдениетін көтеру, шешендік өнерге баулу, жастар арасында өзбетіндік білімнің қажеттілігіне тұлғалану, көшбасшылық қасиеттерге дағдылану жатады.

Барша дебатсүйер қауым атынан клубымыздың негізін қалаушысы, жетекшісі ӘҚП кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны Альпейсов Б.Б. және де осы республикалық турнирде біздерге жетекшілік жасаған, үнемі жанымыздан табылатын Әскери және тактикалық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны Авенов Т.К. өз ризашылықтарымызды білдіреміз. Айырықша атап кететін жайт, дебат ойынын барынша қолдаған, тыңдаушылардың бойына дебат саласының болашақ дамуына деген сенім

ұялатқан академиямыздың басшысы Қызылов Мирлан Ахмедияұлымен ғылыми жұмыс бөлімінің бастығы Сейпиева Күльбайрам Рамазановнаға зор алғысмызды жариялаймыз. Еңбектеріне елеулі табыс, отбасыларына бахыт пен шапағат, әр істерінің жеңісті жемісін көруді тілейміз!

**Қ. Манар**  
**ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы**  
**Қостанай академиясының**  
**КОФ 2 курс, 203 взвод тыңдаушысы**



